Нарықтық экономика жағдайында ұйымның қаржылық жағдайын бақылау оның қаржылық тұрақтылығы жөнінде ақпарат береді, басшы үнемі бақылап отыруы қажет. Қаржылық тұрақтылықтың өзгеруіне ішкі және сыртқы факторлар әсер етеді. Ішкі факторлар – ұйым қызметі нәтижесінде пайда болатын және оған тікелей ықпал етуге болатын факторлар, ал сыртқы факторлар – ұйым өздігінен өзгерте алмайтын факторлар [5].

Ұйымның жағдайының төмен болуы макроэкономикалық жағдайлармен байланысты болуы мүмкін. Бұндай факторларды басқару мүмкін емес, сондықтан сыртқы факторларға жатқызамыз. Сол себептен сыртқы факторлар ішкі факторларға әсер етеді. Сыртқы экономикалық факторларға ұйым бір өзі әсер ете алмайды. Нарықтық экономика жағдайында ұйымның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ішкі факторларға да, сыртқы факторларға да бейімделе білу қажет. Әрине ішкі факторларды ұйым өз күшімен өзгерте алады. Тек оны ұйым пайдасына ұтымды шеше білу қажет.

Қаржылық жағдайды талдау қажетті басқарушы шешім қабылдауға мүмкіндік туғызады. Есептік ақпарат ұйым және одан тыс жағдайда негізгі шешім қабылдаудың негізі. Ол үш функцияны жүзеге асыруда сандық ақпараттармен қамтамасыз етеді: жоспарлау, бақылау және бағалау.

Жоспарлау – істі жүзеге асыруды қалыптастыру. Олар: мақсат қою, оны жүзеге асыру жолдарын қарастырып, ішінен дұрысын таңдау.

Бақылау – нақтылы орындалған жоспарды айқындау процесі.

Бағалау – шешім қабылдау жүйесін оны әрі қарай жақсарту мақсатында зерттеу процесі. Бұл сатыда көзделген мақсатқа қол жеткізілді ме немесе жеткізіле алмады ма, осының бәрі зерттеліп, егер мақсатқа қол жетпеген жағдайда оның себептері анықталады.

Еліміздегі экономикалық жағдайды ескере отырып ұйым қаржылық қызметін терең және ұқыпты талдау негізінде объективті бағалап, ұйымның қаржылық тұрақтылығын нығайту не-

месе жақсарту және оның іскерлік белсенділігін арттыруға бағытталған басқару шешімдерін қабылдау үшін, басшылыққа нақты ұсыныстар беруге болады.

Нарықтық қатынастар жағдайында ұйымның қаржылық жағдайын талдаудың маңызы өте зор. Бұл ұйымдардың тәуелсіздікке ие болуымен, сондай-ақ олардың меншік иелері, жұмысшылар, коммерциялық сетіктестер және де басқа контрагенттер алдында өзінің өндірістік-кәсіпкерлік қызметінің нәтижелері үшін толық жауапкершілікте болуымен байланысты.

Ұйымның қаржылық жағдайының обьективті бағалаудың ең оңтайлы тәсілі – талдау, ол ұйымның даму бағытын бақылауға, оның шаруашылық қызметіне кешенді түрде баға беруге мүмкіндік береді және ұйымның өндірісінің арасында байланыстырушы қызметін ақтарады.

Ұйымның қаржы жағдайын талдауда маңызды тапсырмалардың бірі оның қаржы тұрақтылығын сипаттайтын көрсеткіштермен танысу болып табылады.

Қаржы тұрақтылығын талдау ұйымның меншікті және қарыз қаражаттарын қаншалықты дұрыс басқарып отырғандығын анықтауға мүмкіндік береді. Қаржы тұрақтылығының мазмұны, қалыпты өндірістік-коммерциялық қызмет үшін қажетті ақша ресурстарының тиімді қалыптасуы мен пайдалануымен меншікті капитал қаржы ресурстарына ең алдымен таза (бөлінбеген) пайда мен амортизациялық аударымдар жатады. Қаржы тұрақтылығының сыртқы белгісі ретінде шаруашылық субъектінің төлем қабілеттілігі екендігі даусыз.

Қаржылық жағдайды талдаудың алты негізгі әдісін бөліп қарастыруға болады:

1) көлденең талдау;
2) тікелей талдау;
3) трендтік талдау;
4) салыстырмалы талдау;
5) факторлық талдау;
6) қаржылық коэффициенттер әдісі.

Көлденең талдау – есеп берудің әрбір позициясын өткен кезеңімен салыстыру. Ол өткен кезеңдегімен салыстырғандағы бухгалтерлік есептің түрлі баптарының абсолюттік және салыстырмалы ауытқуларын анықтауға мүмкіндік береді.

Тікелей талдау – әрбір есеп позициясының жалпы нәтижеге тигізетін әсерін айқындай отырып, қорытынды қаржылық көрсеткішердің құрылымын анықтау. Ол жалпы баланс немесе оның бөлімдері бойынша қорытынды көрсеткіштегі және баптардың үлес салмағын анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, ұзақ және қысқа мерзімді активтердің кәсіпорын мүлкінің жалпы құнындағы, яғни баланс валютасындағы үлес салмағы және т.б.

Трендтік талдау барлық көрсеткіштер 100% деп алынатын базистік жыл деңгейінен, бірқатар жылдар көрсеткіштерінің салыстырмалы ауытқуын есептеуге негізделеді. Трендтің көмегімен болашақтағы көрсеткіштердің мүмкін болатын маңызы қалыптасады, ал одан кейін перспективті, болжамдық талдау жүргізіледі.

Салыстырмалы талдау – бұл фирмалардың, еншілес фирмалардың, бөлімшілердің және цехтардың жекелеген көрсеткіштері бойынша есебінің құрама көрсеткіштерін шаруашылық ішіндегі талдау, сондай-ақ берілген фирманың көрсеткіштерін орташа салалық және орташа жалпы экономикалық мәліметтері бар бәсекелес фирмалардың көрсеткіштерімен салыстырғандағы шаруашылық аралық талдау болып табылады.

Факторлық талдау – бұл жекелеген факторлардың қорытынды көрсеткішке тигізетін әсерін зерттеудің детерминдік немесе реттелмеген тәсілдері көмегімен талдау. Сонымен қатар факторлық талдау қорытынды көрсеткіштерді оның құрамдас бөліктеріне жіктегенде – тура, ал оның жеке элементтерін жалпы қорытынды көрсеткішке біріктіргенде ол – кері (синтез) болуы мүмкін.

Нарықтық экономика жағдайындағы көбірек таралған әдіс әр түрлі қаржылық коэффициенттерді пайдалану болып табылады.

Коэффициенттер салыстырмалы шамалар болып табылады, олардың есептеу кезінде шамалардың біреуін бірлік ретінде алып, ал екіншісін бірлікке қатынасы ретінде көрсетеді. Қаржылық коэффициенттерді есептеу баланстың жеке баптарының арасында болатын өзара байланыстарға негізделген. Олар кәсіпорынның қаржылық жағдайын кезекті факторлық талдау үшін алғашқы база болып табылады және де олар талдау нәтижесінде талдау жүргізушіге жасырын құбылыстарды ашуға мүмкіндік беретін екі шаманың арасындағы өзара математикалық қатынастарды көрсетеді.

Шешімдер қабылдау үшін сәйкес коэффициенттерді талдаудың пайдалылығы оларды дұрыс түсіндіруге байланысты болады. Бұл – қатынастарды талдаудың ең қиын аспектісі, себебі ол осы қатынастардың қалыптасуының ішкі және сыртқы факторларын білуді талап етеді.

Қаржылық талдауды салыстырмалы көрсеткіштер негізінде жүргізудің шетелдік тәжірибесін механикалық түрде көшіріп алу, көп

жағдайда тиімсіз, себебі бұл жағдайда біздің кәсіпорындардың өз ерекшеліктеріне назар аударылмайды. Нәтижесінде бір көрсеткіштердің мүмкін болатын маңызы туралы берілген кеңестер кейбір кезде расталмайды. Дегенмен, қаржылық жағдайды талдау барысында салыстырмалы көрсеткіштерді зерттеу қажет болады, себебі ол болып жатқан жағдайларды түсінуге және де оларды тек ағымдағы мезетте ғана емес, сонымен қатар болашақта да дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Әлдеқайда кең таралған және зерттелген көрсеткіштерге мыналар жатады: өтімділік, қаржылық тұрақтылық, табыстылық және іскерлік белсенділік.

Жоғарыда көрсетілген әдістермен қатар, қаржылық жағдайды талдауда экономикалық, сондай-ақ экономикалық және математикалық статистиканың (топтау, орташа және салыстырмалы шама, графиктік және индекстік әдістер, корреляция, регрессия және тағы басқа) дәстүрлі тәсілдері қолданылады. Белгілі бір экономикалық ғылым шегінде жасалған түрлі әдістер мен тәсілдерді іскерлікпен пайдалану кәсіпорынның қаржылық жағдайына терең талдау жасауға және шаруашылық субъектісінің қаржылық тұрақтылығын нығайтуға, жағдайын жақсартуға байланысты ұсыныстарды дайындауға мүмкіндік береді.

Қаржылық жағдайды және оның есепті кезеңдегі өзгерісін салыстырмалы аналитикалық баланс – нетто бойынша бағалау, сондай-ақ қаржылық жағдайын талдаудың басқа бөліктерін дамытуға тиісті оның негізгі бастапқы пунктін құрайды. Баланс өтімділігін талдау, тұрақтылықты талдаудан туындап, ағымдағы төлеу қабілеттілігін бағалап, болашақтағы төлемқабілеті мен қаржылық тепе-теңдіктің сақталу мүмкіндігі туралы қорытынды жасауға тиіс.

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012.

2 ХҚЕС№1 «Қаржылық есептілікті ұсыну». – Алматы, 2007.

3 Савицкая Г.В. Экономический анализ. – 11-ое издание. – М.: Новое знание, 2005.

4 Бердникова Т.Б. Анализ и диагностика финансово-хозяйственной деятельности предприятия: Учебное пособие. – М.: Инфра-М, 2001. – 215 с.

5 Маркарьян Э.А., Герасименко Г.П. Экономический анализ. – М.: Приор, 2006. – 160 с.

References

1 Kazakhstan Respublicasy Prezidentinin «Kazakhstan-2050» «Strategiyasy kalyptaskan memlekettin zhana sayasi bagyty» Kazakhstan halkyna Zholdauy. – Astana, 2012.

2 HKHES №1 «Karzhylyk eseptilikti usynu». – Almaty, 2007.

3 Savitskaya G.V. Economicheskiiy analiz.-11-oe izdanie. – M.: Novoe znanie, 2005.

4 Berednikova T.B. Analiz I diagnostika finansovo-hozyaistvennoi deyatelnosti predpriyatiya: Uchebnoe posobie. – M.: Infra-M., 2001. – 215 s.

5 Markar'yan E.A.,Gerasimenko G.P. Economicheskiiy analiz. – M.: Prior, 2006. – 160 s.

Джакишева У.К., Қанатқызы А.

Қазақстан Республикасындағы есеп көрсеткіштеріне инфляция әсерін жою шаралары

Инфляция проблемасы экономикалық ғылымда маңызды орын алады оның көрсеткіштері мен әлеуметтік-экономикалық салдарлары елдің және бүкіл әлемдік шаруашылықтың экономикалық қауіпсіздігін бағалауда күрделі рөл атқарады. Қазіргі замандағы жағдайларда осы мәселенің өзектілігі инфляцияның дамуының мәнін, тереңдетілген себептерін және оның ерекшеліктері мен антиинфляциялық саясаттың негізгі бағыттарын айқындау қажеттілігімен анықталады. Әлемдік экономиканың жай-күйі және оның жұмыс істеу талаптары қазіргі уақытта тұрақсыз және түрлі бағыттағы болып бағаланады. Еуроаймақ жаңа экономикалық рецессия толқынының алдында тұр. Қытай, Ресей нарықтары қалыптасу үстіндегі бірқатар елдер экономикасының өсу қарқынының баяулағанын көрсетіп отыр. Мұнайды экспорттаушы елдердің жағдайы мұнайдың әлемдік бағасының 2015 жылдың ортасынан бері байқалып отырған төмендеуімен қиындай түсуде.

Түйін сөздер: Инфляция, ақша кредит саясаты, бюджет саясаты, дефляция, кірістер саясаты, сұраным, классикалық бағыттар.

Dzhakisheva U.K., Kanatkyzy A.

Measures to eliminate the effect of inflation on accounting figures in the Republic of Kazakhstan

The problem of inflation has an important place in economic science, and its indicators and socio-economic impacts play an important role in assessing the economic security of the country and the world economy. In the cases of inflation in the modern world the relevance of the problem of essence, root causes and anti-inflationary policy and its characteristics are determined by the necessity of defining main directions. The world economy is currently unstable and the modalities of its work and evaluated in various ways. The Eurozone is on the verge of a new wave of economic recession. China, Russia and a number of countries shows that markets with the emerging economies experiencing a slowdown of growth. The situation is exacerbated by the decline in world prices for oil countries-exporters of oil observed from mid-2015.

Key words: Monetary policy, fiscal policy, deflation, income policy, demand, inflation.

Джакишева У.К., Қанатқызы А.

Меры к устранению влияния инфляции на показатели отчетности в Республике Казахстан

Проблема инфляции занимает важное место в экономической науке, ее показатели и социально-экономические последствия играют большую роль в оценке экономической безопасности страны и всемирного хозяйства. В случаях развития инфляции в современном мире актуальность данной проблемы сущности, глубинных причин и антиинфляционной политики и ее особенности определяются необходимостью определения основных направлений. Состояние мировой экономики в настоящее время является нестабильной и условия его работы и оценивается в различных направлениях. Еврозона стоит на пороге новой волны экономической рецессии. Анализ экономики Китая, России и ряда стран показывает, что на рынках с формирующейся экономикой происходит замедление темпов роста. Положение усугубляется снижением мировых цен на нефть стран-экспортеров нефти, наблюдаемых с середины 2015 года.

Ключевые слова: Инфляция, денежно-кредитная политика, бюджетная политика, дефляция, политика доходов, спроса, классического направления

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 338.2:332

Джакишева У.К., *Қанатқызы А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: altusha_061293@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕСЕП КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ИНФЛЯЦИЯ ӘСЕРІН ЖОЮ ШАРАЛАРЫ

Елдегі экономикалық ахуалды сипаттайтын күрделі және алуан қырлы әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың бірі – инфляция. Инфляция проблемасы экономикалық ғылымда маңызды орын алады оның көрсеткіштері мен әлеуметтік-экономикалық салдарлары елдің және бүкіл әлемдік шаруашылықтың экономикалық қауіпсіздігін бағалауда күрделі рөл атқарады. Қазіргі замандағы жағдайларда осы мәселенің өзектілігі инфляцияның дамуының мәнін, тереңдетілген себептерін және оның ерекшеліктері мен қаржылық есептілікте әсерін айқындау болып табылады.

«Инфляция» термині (латын сөзінен шыққан – кебіну, ісіну) ақша айналысына қатысты XIX ғасырдың орта шенінде пайда болды.

Инфляция дәстүрлі ең жалпы анықтамасы – тауар айналымының қажеттілігімен салыстырғанда айналыс сферасының артық қағаз ақша массасымен лықа толып кетуі, олардың құнсыздануы және соның нәтижесі ретінде – тауарлар мен қызметкерлер бағаның өсуі, ақшаның сатып алуға жарамдылығының төмендеп кетуі.

Экономикасы ауыспалы мемлекеттерде инфляциялық процестер өсу темпімен өзгереді. Осы өзгерістер инфляцияның ең ауыр, әрі басқарылмайтын қасиеті.

Қазақстан Республикасының президенті өзінің жолдауында былай деп кеткен: «Ақша – кредит саясатының негізгі мақсаты – инфляцияны тежеуді қамтамассыз ету. Бұл мақсатқа жету жолындағы жауапкершілік Ұлттық банк пен үкіметке жүктеледі. Олардың қолында сол үшін барлық өкілеттіктер мен құралдар бар».

Баға азық-түлік тауарларына өткен айда 1,8%, азық-түлік емес тауарларына – 0,9%, ақылы қызметтерге – 1,2%-ға өсті.

	2016 ж. қаңтар		
	2015 ж. желтоқсанға	2015 ж. қаңтарға	2010 ж. желтоқсанға
Тауарлар мен қызметтер	1,3	14,4	47,4
Азық – түлік тауарлары	1,8	11,6	44,8
Азық – түлік емес тауарлары	0,9	23,8	50,1
Ақылы қызметтер	1,2	8,6	47,5

Өткен айда бағаның өсуі жаңадан жиналған көкөністерге 8,2%, жұмыртқаға – 4,3%, жаңадан жиналған жемістерге – 3,7%-ға, нанға, қантқа – 3,2%, картопқа, қара шайға – 2,8%-дан, кептірілген жемістер мен жаңғақтарға – 2,6%, сүзбеге – 2,2%-ға, жармаларға, күнбағыс майына – 2,1%-дан, мәйекті ірімшікке – 2%, құс етіне – 1,9%, өсімдік-сары майға – 1,8%, консервіленген сүтке – 1,7%, макарон өнімдеріне – 1,3%, кондитерлік өнімдерге – 1,2%, тоқаш және ұннан дайындалған өнімдерге – 1,1%-ға тіркелді.

Баға өсімі фармацевтикалық өнімдерге 4%, тұрмыстық аспаптарға – 2%, тоқыма бұйымдарына, шыны және қыштан жасалған өнімдерге – 1,9%-дан, жолға қажетті тауарлар мен заттарды тасымалдайтын басқа да бұйымдарға – 1,5%, жуғыш және тазалағыш құралдарға, автомобильдерге – 1,2%-дан, жеке қолданатын тауарларға – 1%, киім және аяқ киімге – 0,7% құрады.

Алыс қашықтыққа қатынайтын жолаушылардың темір жол көлігіне жол жүру ақысы 4,9%, мектепке дейінгі білім беру қызметтеріне – 3,2%, ішкі қалалық қатынастарда автобуспен жол жүру ақысы – 1,8%, денсаулық сақтау қызметтеріне – 1,4%-ға қымбаттады. Құқықтық қызметтер, жеке көлік құралдарын сақтандыру үшін төлем 7%-дан өсті.

Тұрғын үй-коммуналды қызметтер саласында тарифтер тарату желілері арқылы тасымалданатын газға 3,4%, суық суға – 2,5%, кәрізге – 2,2%, электр энергиясына – 1,3%, орталықтан жылытуға 1,1%-ға жоғарылады.



Инфляция деңгейін сипаттайтын тұтыну бағасының индексі халықтың жеке тұтыну үшін сатып алатын тауарлары мен қызметтері бағасының өзгеруін көрсетеді. Тауарлар мен қызметтер жиынтығына 510 позиция кіреді. Бағаны тіркеу меншіктің түрлі нысандарындағы сауда және қызмет көрсету саласы кәсіпорындарының іріктеме жүйесі бойынша барлық облыс орталықтарында, астанада және қалалар мен аудан орталықтарының белгіленген шеңбері бойынша жүргізіледі. Біріктіру үшін пайдаланылатын салмақ жүйесі олардың шығыстары бөлігінде өткен жылғы үй шаруашылықтарын зерттеу материалдары негізінде есептеледі.

2016 жылғы қаңтардан бастап ТБИ-ді есептегенде азық–түлік тауарларының үлесі 36,7%, азық-түлік емес тауарлар – 31,4%, ақылы қызметтер – 31,9%-ды құрады.

Инфляцияны екі типке бөлінеді – сұраныстың артуынан және шығындардың өсуінен болатын. Күнделікті өмірде бұл екі типті ажырату өте қиын. Мысалы, денсаулық сақтау шығындары тез арада өсті, артынан жиынтық шығыны көбейді, бұл сұраныс инфляциясын тудырады. Егер тауарларға, ресурстарға сұраныс өссе, онда кейбір фирмаларда материалдарға, ресурстарға, жанармайға шығын өсіп жатқандығы байқалады. Сол кезде өндіріп жатқан тауарлардың бағасын

көтеруге мәжбүр болады. Өндірістік шығындар өсуі салдарынан сұраныс инфляциясы пайда болады. Бірақ көптеген фирмалар оны инфляция шығыны деп ойлайды. Бұл екі типтің қайсысы екенін ажырату қиын. Сұраныс инфляциясы жиынтық шығындар болғанда байқалады. Ал инфляция шығыны автоматты түрде өз-өзінен жоқ болады. Ұсыныс азайған кезде нақты ішкі өнім көлемі және айналым қысқарады. Бұл шығындардың өсуіне кедергі болады.

Инфляцияға қарсы саясатты сипаттағанда, екі әдістемені бөліп айтуға болады. Бірінші әдістеме шеңберінде белсенді бюджет саясаты жүргізіледі – сұранымға ықпал жасау мақсатында мемлекеттік шығындар мен салықтар реттеледі. Инфляция жағдайында мемлекет шығындарын қысқартып, салықтарды көтереді. Осының нәтижесінде сұраным қысқарады, инфляция қарқыны төмендейді. Бірақ сонымен бірге өндіріс өсуі де тырып, жұмыссыздықты арттырып жіберуі мүмкін. Ол қоғам үшін инфляцияны тежеудің құны болады. Құлдырау жағдайында бюджет саясаты сұранымды кеңейтуге бағытталады. Егер сұраным жеткіліксіз болса, онда мемлекеттің инвестиция бағдарламасы іске қосылады және шығындар артады, салықтар төмендетіледі. Ең алдымен табысы төмен нарық субъектілеріне салынатын салық қысқартылады.

Екінші әдістемені жаңа классикалық бағыттағы экономистер ұсынады. Олар бірінші орынға ақша – несие арқылы реттеу әдісін қояды. Бұл әдіс экономика жағдайына жанама түрде икемлді ықпал жасайды. Бұл саясатты үкіметке тікелей бағынбайтын Орталық банк жзүргізеді. Орталық банк айналымдағы ақша көлемін өзгертеді және қарыз пайызы (процент) келісімін реттейді, сонымен экономикаға ықпал жасайды.

Сонымен инфляция салдары барлық әлеуметтік топтарға, экономикалық секторларға әсерін тигізбей қоймайтындығын айтуға болады. Қазіргі таңда көптеген экономистер оны шешудің сан алуан жолдарын талдау үстінде. Бірақ көптеген білікті экономистердің пайымдауынша оны ақша-кредит саясаты арқылы жүргізу керек.

Инфляцияның өрістеп, күшеюі экономикалық және әлеуметтік қарама – қайшылықтарды асқындырып жіберетіндіктен мемлекет инфляцияны жою және ақша айналысын тұрақтандыруға арналған шаралар қолдана бастайды . Инфляция кезінде мемлекет іс – қимылының екі нұсқасы болады:

1) бейімделу саясатын жүргізу немесе инфляцияға бейімделу;

Бұл кезде табыстарды, жалақыны, пайыздық өлшерлемелерді, инвестицияларды индекстеу жөнінде шаралар қолданылады;

Компаниялар мен фирмалар қысқа мерзімде жобаларды өткізеді, жеке тұлғалар табыстың қосымша көздерін іздестіреді және т.с.с.

2) инфляцияны төмендету немесе басу жөнінде инфляцияға қарсы шаралардың кешенін жүргізу.

Инфляцияны жою жөніндегі шаралардың кешені қоғамның іс-әрекет етуінің өндірістік-экономикалық, құқықтық, институционалдық, моралдық-адамгершілік сфераларының әр түрлі жақтарына әрекет етуді қамтиды десекте олардың шешушісі базалық, өндірістік-экономикалық сфера болып табылады.

Сұраным инфляциясын жоюға ақша және фискалдық саясатты пайдаланудың біршама қатардағы макроэкономикалық әдістермен жетуге болады.

Инфляцияға қарсы саясат – инфляциямен күреске бағытталған экономиканы мемлекеттік реттеу жөніндегі шаралар кешені. Мүндай саясаттың екі негізгі жолы белгіленген дефляциялық саясат және кірістер саясаты.

Дефляциялық, саясат – мемлекеттің шығындарын азайту, несие үшін пайыздық мөлшерлемелерді арттыру, салық ауыртпалығын күшейту, ақша массасын шектеу жолымен ақша-несие және салық механизмі арқылы ақша сұранымын реттеуді қарастырады. Бұл саясат экономиканың өсуін тежейді.

Кірістер саясаты – бағаға және жалақыға оларды толықтай матау немесе олардың өсу шегін белгілеу жолымен параллелді бақылау жүргізуді қажет етеді. Оны жүзеге асыру әлеуметтік қайшылықтарды қоздыруы мүмкін.

Инфляцияға қарсы фискалдық саясат салықтарды көбейту, мемлекеттің шығыстарын қысқарту және осының негізінде мемлекеттік бюджеттің тапшылығын төмендету арқылы жүргізіледі.

Салық саясаты инфляция жағдайында екі өзара байланысты, бірақ қайшылықты міндеттерді шешуі тиіс:

бірішіден, мемлекеттік бюджеттің тендестігіне жету және тапшылығын жою үшін оның кірістерінің деңгейін көтеру керек;

екіншіден, экономиканың бастапқы буындарында – өндіріс пен айырбас сферасында экономикалык белсенділікті жандандыру қажет.

Инфляцияға қарсы салық саясаты жанама салық салуды қысқартуда болып отыр . Жанама

салықтардың инфляциялық сипаты болады, өйткені олар бағаны өсіреді, сұранымды қысқартады. Жоғары салықтардың іс-әрекетінің екінші аспекті өндіріске олардың қысымы болып табылады, бұл ұсынымды шектейді. Үшіншіден, едәуір салық ауыртпалығы, әдеттегідей, салық жүйесін күрделілендіретін көптеген салықтардың іс-әрекетімен байланыстырылады, мүның өзі салықтан жалтарынуға әкеп соқтырады.

Сондықтан инфляция кезінде тұтынуға салық салуға акцентпен жеңілдіктеудің шарттарымен ауыртпалық түсірмейтін қарапайым және сенімді салық жүйесі тәуірірек болады. Бұл талаптарға айтарлықтай дәрежеде табысқа салынатын салық пен мүлік құнына қарай мөлшерлемелерді жіктеудің жоғары дәрежесі бар мүлік салығы сай келеді.

Кез келген жағдайда шығыстарды қысқарту дамудың көптеген ұлттық бағдарламаларының іс-қимылын, тез қайтарым бермейтін әртүрлі лайықты жобалардан, шаралардан бас тартуды және т.с.с. шалады.

Мыналардың нәтижесінде инфляцияның екінші типін–шығындардың (өндірушілер инфляциясының) өсуінен туатын инфляцияны жою проблемаларын шешу неғұрлым қиынырақ болып келеді:

1) жалақыны көбейту;

2) ұйымдық сипаттағы себептер бойынша шаруашылық механизмінің бұзылуына байланысты еңбек өнімінің төмендеуі;

3) шикізат және энергетикалық ресурстар иелерінің инфляциялық тосулары, осыған қарай олар өндірістің бастапқы өнімдеріне бағаны көтереді.

Өндіріс шығындарымен байланысты болатын инфляцияны жою өзара байланысты проблемалардың бірнеше күрделі блоктарын шешуді қажет етеді.

Инфляцияны төмендету проблемаларының бірінші блогы экономикалық тұрақтандырудың бүкіл жүйесінің орталық буыны ретіндегі өндірістің құлдырауын жоюда болып отыр. Өз кезегінде ол мына өзара тәуелді проблемаларға ұшырайды.

Біріншіден, еңбек өнімділігінің уәждемелік ынталандырмаларын, оның тиімді нәтижелеріне ынталылықты күшейту меселелерін шешу, басымдық ретіндегі өндірістік еңбек қызметін қалпына келтіру. Бұған қажырлы еңбек пен оның нәтижелерінің арасында тікелей байланыс болатын жекеше өндірістік секторды дамыту негізінде қол жетеді.

Сауда – делдалдық сфераға қарағанда өндірістік сфераның басымдығын қамтамасыз ету қажет. Өндірістік сфераның дамуын көтермелеуге салықтардың жеңілдік жүйесімен, несиені кедергісіз алумен және несиелер бойынша төмендетілген пайыздық мөлшерлемелермен, ұдайы өндіріс, еңбекке ақы төлеу қорларына даму үшін қолайлы экономикалық нормативтерді, аударымдарды белгілеумен және т.с.с. жетуге болады, қажетті жағдайда өндірістік сектор қызметінің басым түрлерін қаржыландыру жолымен тікелей қолдау жүзеге асырылды .

Инфляцияны жеңіп шығу жөніндегі шаралар жүйесіндегі қажетті элемент нарықтық бәсеке механизмі мен меншіктің барлық нысандарының шаруашылық жүргізуші субъектілерінің экономикалық жауапкершілігі механизмін жасау болып табылады; аталған механизмдердің іс-қимылы мына сызбаға саяды: шығындардың төмендеуі – бағалардың төмендеуі – өндірістің өсуі есебінен таза табыс көлемінің сақталуы – ұсынымның көбеюі– сұранымның қанағаттандырылуы.

Бәсеке механизмін жасау монополияға қарсы шараларды жүргізумен, меншіктің түрлі нысандарын дамытумен, шаруашылық- қаржы қызметіндегі олардың теңдігін заңнамалық түрде қамтамасыз етумен байланысты болады.

Инфляцияға ықпал етудің ең түбегейлі құралы экономиканы мемлекеттік реттеу шеңберінде бағамен жалақыға бақылау қою болып табылады. Баға мен жалақыны реттеудің ауқымдарын тандау қысқа мерзімді саясат бағдарламаларында айқындалады және кеңінен инфляция деңгейіне, өндіріс қарқынына, халықты әлеуметтік қорғаудың қажеттіліктеріне қарай түрленіп оырады. Базалық технологиялық шекте – шикізат, отын, басқа бастапқы өнімдерді өндіруде бағаны реттеуді жүргізудің маңызы зор .Тап олардың құны келесі технологиялық шектердің өнімі бағасының бүкіл пирамидасының негізіне қойылады.

Жалақыны реттеу бастапқы (қол жеткен) деңгейден еңбек өнімділігінің нақты артуына қатаң байланыста жүзеге асырылады, өйткені номиналды жалақы мөлшерлемелерінің еңбек өнімділігі өсуінің қарқынына тең өсімі өзінің сипаты бойынша инфляциялық емес болып табылады.

Сыртқы экономикалық қызметті қамтып көрсететін төлем балансы тарапынан инфляцияны төмендету шаралары оның құрлымын жақсартуда болады . Бірінші кезекте бұл тауарлар мен қызметтердің, яғни экспорттық-

импорттық операциялардың қозғалысымен байланысты болатын ағымдағы операциялар бойынша тендікке жетуге қатысты болады.

Төлем балансының ағымдағы тапшылығын қысқартуға жалпы импортталатын тауарлар мен қызметтерге ішкі сұранымды отандық тауарлар мен қызметтерге ауыстыру есебінен, сондай-ақ сыртқы сұранымға қарағанда экспорттық өндірістің икемділігін арттыру есебінен жету керек. Бұған реалистік деңгейде валюта бағамын белгілеу саясатын жүргізу, инфляция-лық серпіліс кезеңінде сауда және валюталық шектеулердің ұтымды ұштасуы және инфляция қарқыны төмендеген кезде сыртқы экономикалық қатынастарды ырықтандыру арқылы жетеді.

Инфляцияны басқаруды жақсарту және инфляцияға қарсы саясат шараларының бірі ретінде қазіргі кезде инфляциялық таргеттеуге үлкен маңыз беріледі.

Осылайша инфляцияның әлсіруіне әлемдік теория мен практикада жинақталған қаражаттың бүкіл арсеналдарын онымен күресуге әрекет жасағанда ғана, сондай-ақ оны Қазақстанның жағдайларына үнемі дағдыландыра отырып қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер

1 Бимендиева Л.А. «Экономикалық өсу – ұлттық экономиканың қызмет етуінің нәтижесі ретінде» // Хабаршы журналы № 6, 2004 ж.

2 Мақыш С.Б. «Ақша айналысы және несие». – Алматы, 2000.

3 Жүнісов Б., МәмбетовҮ., Байжомартов Ү. «Нарықтық экономика негіздері». – Алматы: «Экономика»-2000.

References

1 Bimendieva L.A., «Economic growth as a result of the functioning of the national economy» // the Bulletin magazine №6, 2004

2 Junisov B., Mambetov U., Bayzhomartov U. «Basics of market economy». – Almaty: «Economy», 2000.

3 Makysh S.B. «Monetary circulation and credit». – Almaty, 2000.

Бейсенбаева А.К., Айтуар А.Ә.

Темір жол саласында тасымалдауды ұйымдастыру және есебін жүргізу ерекшелігі

Қызмет көрсету саласы оның ішінде темір жолмен тасымалдау бойынша халықтың әл-ауқатын көтеру Елбасының жыл сайынғы жолдауында аса мән берілетін басты мәселе. Мақалада темір жол көлігінің өндірістік инфрақұрылымының салалық ерекшелігі сипаттала отырып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялары тобына жататын ұйымдар мысалында теміржол саласында тасымалдауды ұйымдастыру және есебін жүргізу ерекшелігі айтылған. Еліміздің экономикасындағы бірден-бір ең маңызды сала – темір жолмен тасымалдау қызметінің өзіндік құнын есептеу күрделі болып табылғандықтан, оның технологиялық ерекшелігіне яғни тасымалданатын жүк санаты және қашықтық, сонымен бірге арнайы талаптар бойынша ақпарат берілген. Тасымалдаудың өзіндік құнын есептеуде қолданылатын нақты әдістер аталып, темір жол ұйымдарындағы көрсетілген қызметтің өзіндік құнының қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлар анықтау бойынша ұсыныстар жасалған.

Түйін сөздер: Транзиттік тасымал, бірлесіп тасымалдау, шығындар, вагон шаруашылығы, жүк тасымалы, коммерциялық жұмыс.

Beysenbaeva A.K., Aituar A.A.

Organization of transporting and features of accounting in railways field

Today rail transport plays a key role in the economic development of virtually any country. The main function of the rail service is timely and complete the tasks necessary for the functioning of the national economy, as well as meeting the needs of the population in transportation, increasing the efficiency and productivity of the transport infrastructure. This article describes the features of rail transport in the naprimere company «KTŽ» NC JSC are the Organization of accounting and transportation in the field of railway transport. As costing services rail transport is difficult, because the technological features, IE the distance and category of cargo for carriage, as well as certain requirements are presented information. Specify actual cost accounting methods of transportation, and provides suggestions for identifying factors influencing cost services in Railway Enterprise.

Key words: Transit transport, joint transport, expenses, trucks, freight transport, commercial work.

Бейсенбаева А.К., Айтуар А.А.

Особенности организации перевозки и учета в железнодорожной отрасли

Сегодня железнодорожный транспорт играет одну из ключевых ролей в развитии экономики практически любой страны. Основная функция железнодорожного сообщения – своевременное и полное решение задач, необходимых для функционирования народного хозяйства, а также удовлетворение потребностей населения в перевозках, увеличение эффективности и производительности работы транспортной инфраструктуры.

В данной статье описываются особенности железнодорожного транспорта на примере компании АО «ҚТЖ» НК», приведены порядок организации учета и перевозки в сфере железнодорожного транспорта. Так как учет себестоимости услуг перевозок в железнодорожном транспорте является сложным из-за технологических особенностей, то есть расстояние и категория груза для перевозки, то по некоторым требованиям представлена информация, определены фактические методы в учете себестоимости перевозки и даны предложения по определению факторов, влияющих на формирование себестоимости услуг в железнодорожных предприятиях.

Ключевые слова: Транзитная перевозка, объединенная перевозка, расходы, вагонное хозяйство, перевозка груза, коммерческая работа.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 656.338

Бейсенбаева А.К., *Айтуар А.Ә.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: ak.erke_094@mail.ru

ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫНДА ТАСЫМАЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЕСЕБІН ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Бүгінгі күні теміржол көлігі Қазақстан Республикасының өндірістік инфрақұрылымының маңызды бөлігі болып табылады. Қазақстанның географиялық орналасуы (теңізге шығу мүмкіндігінің төмендігі, су кемелері жүретін өзендер болмауы) аумағының кеңдігі, өндірістің шикізаттық құрылымы, автокөлік саласының инфрақұрылымының төмендігі темір жол көлігінің маңыздылығын арттыра түседі.

«Нұрлы Жол» жаңа экономикалық саясатын жүзеге асыру, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясында ұлттық көліктік инфрақұрылымды дамыту, көліктік-логистикалық қызметі сапасын көтеру туралы тапсырмаларын орындау жолында қызмет атқаруда сала маңызы зор.

«ҚТЖ»ҰК» АҚ компаниялары тобына жататын ұйымдар қаржылық тұрақтылықты сақтау, контейнерлік және жолаушылар тасымалдаудағы сапалық көрсеткіштер мен тиімділікті көтеру, машина жасау кластерін дамыту, бизнесті трансформациялау жұмыстарын жетілдіру бойынша нақты жоспар құрған Қазақстанның теміржол саласы экономиканың дамушы секторы болғандықтан соңғы кездері өндірістік және техникалық әлеуеті өсіп 140 мыңнан астам адам жұмыспен қамтып отыр.

Теміржол көлігі саласын дамыту еліміздің 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асырудың екінші кезеңі болып табылатын ҚР 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының басты бағыттарына сәйкес жүргізіледі, негізгі қағидаттары нормативтік-құқықтық база тиісті қамтамасыз етілгенде, саланы кезең-кезең бойынша, экономикалық негіздей отырып монополиясыздандыру, магистральдық темір жол желісіне мемлекеттік бақылауды сақтап қалу, қамтамасыз ету және тасымалдау қызметін толық бөлу, тасымалдау және қамтамасыз ету қызметінда бәсекелестік ортаны құру және дамыту, сондай-ақ жолаушылар тасымалын мемлекеттік бюджеттен субсидиялау болып табылады.

«Теміржол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес Ұлттық теміржол компаниясы (Магистральдық желі операторы) барлық тасымалдаушылардың магистральдық темір жол желісін пайдалануға тең құқығын қамтамасыз етеді. Тасымалдау қызметінде бәсекелестікті

дамыту меншікті (жалға алынған) жылжымалы құрамы бар жаңа тасымалдаушылардың қызметі есебінен қамтамасыз етіледі.

Негізгі қызмет ұйымдарының қамтамасыз ету секторымен өзара қарым-қатынасы нарықтық негізде құрылады, бұл қамтамасыз ету секторының өнімділігін арттыру, көрсететін қызметтерінің өзіндік құнын төмендету үшін қажетті қосымша ынталандыруларды құрады. Басы артық қуаттылықтар экономиканың басқа секторларына қайта бағдарланатын болады.

Тасымалдауды ұйымдастыру мен жүзеге асыру және оны басқа тұрғыдан да қамтамасыз етумен байланысты шарттық міндеттемелер Қазақстан Республикасының, сондай-ақ басқа да мемлекеттердің шарттық құқығының жеке бір саласын құрайды.

Демек, көлік – бұл жоғары дәрежелі технологендікпен, техникалық жабдықталумен, қоғам мен мемлекеттің тіршілік әрекетін қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызбен сипатталатын салалардың бірі. Сол себепті тасымалдау қатынастары дәстүрлі түрде көлік құқығы аясында қарастырылады және ол техникалық сипаттағы нормалардың көптігімен сипатталады.

Сонымен қатар, сақтандыру қатынастары мен есептік несиелік қатынастарындағыдай, азаматтық құқықтық реттеу аясына көлік қызметінің, міндеттемелік (тауарлы-ақша) қасиеті бар қатынастар тобы жатқызылған.

«ҚТЖ»ҰК АҚ тасымалдау қызметінде жүкті тасымалдау локомотивтік тартым операторының локомотивтік тартымымен тасымалдаушының, жүк жөнелтушінің (жүк алушының) немесе вагондар (контейнерлер) операторының вагондарында (контейнерлерінде) жүзеге асырылады. Тасымалдау үдерісіне Қазақстан Республикасы жылжымалы құрамының мемлекеттік тізілімінде тіркелген, магистральдық теміржол желісіне жіберу талаптарына сәйкес келетін техникалық сипаттағы жылжымалы құрам пайдаланады. Ұйым жүкті тасымалдауды жылжымалы құраммен жүзеге асыратындығы тасымалдау құжаттарында көрсетіледі.

Жүк жөнелтуші мен вагон (контейнер) иесінің өзара қатынастары олардың арасындағы шарт негізінде жүзеге асырылады.

Ұйым локомотивтермен басқа тасымалдаушыларға және тасымалдау үдерісіне қатысушыларға локомотивтік тартым операторы ретінде локомотивтік тартым қызметтерін көрсетеді және жүк жөнелтуші жүк тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарт жасасуы мүмкін, ол бойынша тасымалдаушы жүкті белгіленген мерзімдерде қабылдауға, ал жүк жөнелтуші – жүкті тасымалдауға уағдаласқан көлемде ұсынуға міндеттенеді.

Жүк тасымалдауды ұйымдастыру туралы шартпен тасымалдаудың көлемдері, мерзімдері, сапасы, көлік құралдарын ұсыну және тасымалдауға жүкті беру шарттары, сондай-ақ өзге де шарттар айқындалады.

Жоспарлау, тасымалдау үдерісін жүзеге асыру, жүкті тасымалдаумен байланысты операциялар тәртібі мен технологиясы, құжаттарды ресімдеу мен актілер жасау, арнайы зерттеулер мен сараптамалар жүргізу тәртібі көлік саласындағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Жүкті тасымалдау жоспары бойынша қабылданған өтінімдерге сәйкес вагондардың жүк тиеудің барлық пункттері бойынша уақтылы және бірқалыпты берілуін қамтамасыз етеді.

Жүк тасымалдау жоспары бойынша қабылданған өтінімнің орындалуы есепке алу карточкасында ескеріледі. Есепке алу карточкасын тасымалдаушы жүк жөнелту станциясында тасымалдаушы әрбір қабылданған өтінім бойынша жеке жүргізеді. Жүк жөнелтушінің өтініші бойынша оған есепке алу карточкасының көшірмесі беріледі.

Жүк жөнелтушінің меншікті жүйесі және/немесе тасымалдаушының ақпараттық жүйесіне қол жеткізуі болған кезде есепке алу карточкасын жүргізу жүк жөнелтуші мен тасымалдаушы арасында қабылданған ақпараттық өзара іс-қимыл жасау технологиясына және стандарттарына сәйкес ДЭА арқылы автоматты тәсілмен жүзеге асырылады. Қажет болған кезде ДЭА-да заңнамаға сәйкес немесе тараптардың келісіміне сәйкес электрондық цифрлық қолтаңбалар қолданылады.

Есепке алу карточкасына жүк жөнелтуші және тасымалдаушының станциядағы өкілі әрбір есептік тәулік немесе қабылданған өтінімге сәйкес жүктерді тиеу үшін белгіленген тәуліктер аяқталуы бойынша, ал ай аяқталуы бойынша станция бастығы қол қояды. Жүк жөнелтуші есепке алу карточкасына қол қоюдан бас тартқан кезде тасымалдаушы жалпы нысандағы актіні жасайды. Есепке алу карточкасын жөнелту станциясында тасымалдаушы қабылдаған жүк тасымалдау жоспары бойынша өтінімнің негізінде ресімдейді Жоспарлы ай басталғанға дейін тасымалдаушы жүк жөнелтушімен келісім бойынша бір ай және тәулік ішінде тиеудің біркелкілігін және бірқалыптылығын қамтамасыз ететін жоспардың орындалу тәртібін белгілейді.

Жүктерді тасымалдау жоспары бойынша өтінімді орындауды ұйымдастыруға негіз онкүндік өтінімдер болып табылады, оларды жүк жөнелтушілер жүк тасымалдаушыға онкүндіктің күндері бойынша тиеу мөлшерлерінің күнтізбелік кестесімен әрбір онкүндік басталғанға дейін берген күнін қоспағанда, күнтізбелік 3 күн бұрын тасымалдауға береді.

Жылжымалы құрамның тиеуге біркелкі берілуін қамтамасыз ету мақсатында бұрын келісілген тәртіп бойынша жүк жөнелтуші онкүндік өтінімде қабылданған жүк тасымалдары жоспары бойынша өтінімнің немесе күнтізбелік жоспардың тиеудің орташа тәуліктік нормасын негізге ала отырып, онкүндік өтінімде осы онкүндікке келетін вагондардың, контейнерлердің санынан кем болмайтын мөлшерін көрсетеді. Көлемдері шамалы болған кезде (5 вагоннан аспағанда) тасымалдаушы вагондарды беруге арналған өтінімдерді жекелеген тәуліктерде қабылдайды. Яғни, осы аталған шаралар барысында жүк тасымалдау қызметіндегі шығындар қалыптасуы макрологистиканың элементтік жүйеде болады.



1-сурет – Тасымалдаудағы макрологистиканың элементтік жүйесі

Жоғарыдағы жүйені талдай отырып макрологистиканың деңгейінің үш түріне тоқталамыз:

1. Тікелей байланысқан логистикалық жүйе – материалдық ағым өнім өндірушіден тікелей тұтынушыға жеткізіледі;

2. Эшелондық логистикалық жүйе – материалдық ағым өнім өндірушіден делдал арқылы тұтынушыға жеткізіледі;

3. Ықшамдалған логистикалық жүйе – жоғарыда көрсетілген екі жүйе арқылы орындалса.

Теміржолмен тасымалдау қызметінің өзіндік құнын есептеу күрделі болып табылғандықтан, оның технологиялық ерекшелігіне яғни тасымалданатын жүк санаты және қашықтық, сонымен бірге арнайы талаптарды ескеру қажет.

Жүк тасымалдау аймақтық ерекшелікті қамти отырып технологиялық үрдісте – маршруттық өзгерістерге байланысты әртүрлі қызмет атқаруы мүмкін, яғни:

– Тікелей тасымал;
– Транзиттік тасымал;
– Бөліп тасымалдау;
– Бірлесіп тасымалдау

Жоғырада аталған технологиялық үрдіс бастапқы және соңғы әртүрлі тасымалдау операцияларын қамтуына байланысты поездың шығу пунктінен соңғы жеткізілу пунктіне дейінгі аралықтағы жүкті және жолаушыларды тасымалдау және жылжыту бойынша пайда болған шығындар құрамын қамтиды. Осы тасымалдау үрдісіне байланысты қалыптасқан шығындарды қатысты жол бөлімшелері мен құрылымдарына бөле отырып, тасымалдау қызметінің өзіндік құнын есептеуге мүмкіндік береді.

Теміржол саласының ерекшелігі халықшаруашылық саласының ішіндегі активтерін пайдалану деңгейінің жоғары болуында. Демек, шығындар ішінде жанама шығындар үлесі үлкен болғандықтан өнім түрлеріне есептелген және темір жол көрсеткіштерін тепе-тең бөлумен есептелу арқылы өзіндік құнға жатқызылады.

Жанама шығындарды бөлу төмендегідей ақпараттарды қажет етеді:

– қаржылық көрсеткіштер туралы ақпараттар;
– бөлімшелер бойынша мен еңбек сыйымдылық есептіліктері;
– тағы басқа қызмет туралы ақпараттар.

Дегенмен толық және нақты нәтижелерді бермегендіктен ұйымның қызметінің нақты деректерін есептеу мүмкіншілігін төмендетеді.Тасымалдау қызметінің өзіндік құнын қалыптастырудағы жоғарыда аталған

факторларды ескере отырып, тасымалдаудың орташа өзіндік құнын арнайы нұсқаулықтар негізінде тасымалдаудың пайдалану көрсеткіштері жүк және жолаушы тасымалдаудың шартты-өзгермелі көрсеткіштерінің жиынтығы болады. Дегенмен, тасымалдауға қатысқан жол бөлімшелері өздеріне қатысты шығындарды есептей отырып құруы қажет.

Тасымалдаудың өзіндік құны әртүрлі болуы мүмкін:

1. Жолды техникалық жарақтандырумен;
2. Өлшем көлеміне және жөнелту түріне байланысты;
3. Жолдың ұзақтығына, сонымен қатар жүк және жолаушы тасымалдау бөлігінің әкелінген өнімге арақатынасы;
4. Технологиялық жұмыстың формасы мен ұйымдастыруына байланысты;
5. Жүкайналымның құрылымына байланысты;
6. Техникалық құралдар, олардың тозу құнына және тиеу дәрежесіне байланысты;
7. Географиялық орналасуы мен жол қатынасына байланысты қалыптасады.

Тасымалдаудың өзіндік құнын есептеуде төмендегі әдістер негізгі болып табылады:

– Бөлек баптар номенклатурасы бойынша шығындарды есептеу әдісі;
– Шығын мөлшерлемесі әдісі;
– Тасымалдаудың орташа құны бойынша өзгеру коэффициентімен есептеу әдісі;
– Шығындар көлеміне байланысты әдістер;
– Әсер ету коэффициенті бойынша әдіс.

Тасымалдаудың өзіндік құнына әсер ететін эксплуатациялық шығындар арнайы төмендегі кестедегі өлшемдермен есепке алынады.

1-кесте – Эксплуатациялық шығындар өлшемдері

Калькуляциялық өлшемдер	Өлшемдермен байланысты шығындар түрі
Вагон – километр	*Вагон шаруашылығы:* техникалық қызмет көрсету, ағымдағы, деподағы және вагондарды күрделі жөндеу; цистерналардың автотежегішін кешенді жөндеу;жылжымалы құрамды күрделі жөндеу; жүк вагондарының дөңгелектерін реттеу; вагондарды жолдарға қою. *Жүк тасымалы және коммерциялық жұмыс:* жүктердің тиелуі мен бекітілуін тексеру; техникалық қызмет көрсету, контейнерлерді ағымдағы, жоспарлы, күрделі жөндеу; вагондарды күту. Жолаушы шаруашылығы: вагондарды ағымдағы, жоспарлы, күрделі жөндеу.
Вагон – сағаттар	*Вагон шаруашылығы:* вагондардың амортизациясы, рефрижераторлық жылжымалы құрамның тозуы. *Жүк тасымалы және коммерциялық жұмыс:* контейнер амортизациясы. Жолаушы шаруашылығы: жолаушы вагондардың амортизациясы.
Бригада – сағат	*Жүк тасымалы:* құрамалы, жартылай шаруашылықтағы вагондардағы кондукторлар бригадасының қызметі.
Локомотив – километр	Локомотив шаруашылығы: майлау, локомативті экипировка жасау; техникалық қызмет көрсету,локомотивтерді ағымдағы, жоспарлы, күрделі жөндеу. Электр және электрмен қамтамасыз ету шаруашылығы: электрлік қызмет көрсету, электр желілері мен берілу құралдарын ағымдағы, жоспарлы, күрделі жөндеу
Локомотив –сағат	Локомотив шаруашылығы: локомотивтердің амортизациялық аударымы.
Локомотив бригадасының бригада – сағаты	Локомотив шаруашылығы: локомотив бригадасын ұстау
Жүк жөнелту	Жүк тасымалы және коммерциялық жұмыс: жүктерді бір жолдан екінші жолға ауыстыру және тексеру; тексеру қызметін көрсету, контейнерлерді дайындау, жүктерді жөнелтуге дайындау; вагондарды күтуде клиентерге қызмет көрсету, арнайы жөнелту опреациялары. Вагон шаруашылығы: вагондарды тазалау және күту, арнайы жүктерге вагондарды дайындау, бос вагондарға жөндеу жүргізу. Жүк тасымалдау орталықтарын ұстау шығындары.
Тонно-километры брутто – вагон және локомотивтер	Жол шаруашылығы: Жолды ағымдағы және күрделі жөндеу, материалдарды ауыстыру, бас жолдағы жөндеу және күту қызметі мен жұмысы. Байланыс шаруашылығы: орталықтандырылған электрлі бағдарлықты техникалық жөндеу.
Қозғалыстағы вагон – сағаттар	Жолаушы шаруашылығы: жолаушыларға қызметкөрсету шығындары, төсек жабындылары мен басқа да құралдармен қамтамасыз ету шығындары;
Жөнелтілген жолаушылар	Жолаушы шаруашылығы: билеттер сату, жүк тиеу және беру, жолаушыларға қызметкөрсету.
Ескертпе – 4 әдебиет көзі	

Демек, жоғарыдағы мәселелерді қарай келе жасалынатын тұжырым, теміржол ұйымдарындағы көрсетілген қызметтің өзіндік құнының қалыптасуы аталған факторларды ескере отырып, тасымалдау шығындарын реттейтін номенклатура негізінде тасымалдаудың пайдалану көрсеткіштері – жүк және жолаушы тасымалдаудың шартты-өзгермелі көрсеткіштері бойынша тасымалдауға қатысқан жол бөлімшелеріне қатысты шығындарды есептей отырып құрылады.

Әдебиеттер

1 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 қаулысы;

2 Темір жол көлігімен жүк тасымалдау қағидасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 маусым №682 қаулысы;

3 Тайғашынова К.Т. Система развития управленческого учета: логистические затраты, их классификация, сервис логистических услуг. Монография –Алматы, 2014.

4 Терёшина Н.П. Экономика железнодорожного транспорта: учебник. – М.: изд-ва «Экономика», 2006.

References

1 «Kazakhstan Respublikasy Ukimetinin Kazakhstan Respublikasyn udemeli industriyalyk – innovasiyalyk damytu jonindegi 2010-2014 jyldarga arnalgan memlekettik bagdarlamany iske asyru jonindegi is-sharalar josparyn bekitu turaly» Kazakhstan Respublikasy Ukimetinin 2010 jylgy 14 sauirdegi №302 kaulysy;

2 Temir jol koligimen juk tasymaldau kagidasyn bekitu turaly Kazakhstan Respublikasy Ukimetinin 2011 jylgy 21 mausym №682 kaulysy;

3 Taigashynova K.T. Sistema razvitiya upravlencheskogo ucheta: logisticheskie zatraty, ih klassifikasiya, servis logisticheskih uslug. Monografiya – Almaty, 2014.

4 Tereshina N.P. Ekonomika jeleznodorojnogo transporta: Uchebnik. – M.: izdatel'stva «Ekonomika», 2006.

Бейсенбаева А.К.,
Бектурсынова А.Е.

ДСҰ жағдайында логистикалық қызметті ұйымдастырудың маңызы

Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болу – Қазақстанның экономикалық өрлеуі, жаңғыруы мен бәсекеге жарамдылығы үшін маңызды. Еліміз халықаралық стандарттар шеңберінде қызмет көрсету арқылы сауда жүйесіне барынша қатысуы тиіс. Қазақстанның ДСҰ-ға енуі қазіргі заманғы көліктік логистикалық саланың талабын қанағаттандыра алатындай ықпалдасқан алаңға айналуын қажетсініп отыр. Аталмыш сала ашықтықты, халықаралық танымалдылықты, жедел ақпарат алмасуды, ағымдағы өзекті жайларды тез шешуді, стратегиялық мәселелерді жүйелі шешуді, арнайы ақпараттарға сараптама жасауды, яғни Елбасы жаһандық коммуникациялардың бір бөлігіне айналу үшін ірі нарықтарды байланыстыратын стратегиялық көлік дәліздерін қалыптастыруға баса назар аударады. Мақалада Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелік етуі жағдайында көлік-логистикалық кешенді ұйымдастырудың маңыздығы мен қажеттілігі қарастырылады. Сонымен қатар, Қазақстандағы қазіргі логистикалық кешен жағдайы, ерекшелігі мен басымдылықтары аталып, көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: логистика, көлік, көлік-логистикалық кешен, Дүниежүзілік сауда ұйымы, инфрақұрылым.

Beysenbaeva A.K.,
Bektursynova A.E.

The importance of organizing logistics activities in terms of WTO accession

Kazakhstan's accession to the World Trade Organisation is important for economic growth, modernization and competitiveness of the country. Kazakhstan must comply with international standards and to be a full participant in international trade. Kazakhstan's accession to the WTO have created the need for an integrated platform that can meet the needs of modern transport and logistics industry in Kazakhstan. The industry needs to be openness, international recognition, operational awareness, rapid solving current problems, the system strategic issues, access to specialized information analysis, training of qualified specialists, attracting foreign investors to the Kazakhstani market and improve the logistics environment in general. President of the Republic of Kazakhstan paid special attention to the fact, to become part of global communication, focusing on the formation of strategic relationships corridors. The article discusses the importance and necessity of the organization of transport and logistics infrastructure in the conditions of joining the WTO. At the same time, referred to the features and benefits of transport and logistics services in Kazakhstan, present a proposal for the development of transport infrastructure.

Key words: logistics, transport, transport and logistics industry, the World Trade Organization, the infrastructure.

Бейсенбаева А.К.,
Бектурсынова А.Е.

Важность организации логистической деятельности в условиях вступления в ВТО

Вступление Казахстана во Всемирную торговую организацию важно для экономического роста, модернизации и конкурентоспособности страны. Казахстан должен соответствовать международным стандартам и быть полноправным участником международной торговли. Вступление Казахстана в ВТО породило необходимость создания интегрированной площадки, способной удовлетворить потребности современной транспортно-логистической отрасли Казахстана. Данная отрасль нуждается в открытости, международной узнаваемости, оперативной информированности, быстром решении текущих проблем, системном решении стратегических вопросов, доступе к аналитической специализированной информации, подготовке квалифицированных специалистов, привлечении иностранных инвесторов на казахстанский рынок и улучшении логистического климата в целом, так как Глава государство обратил особое внимание на то, чтобы стать частью глобальной коммуникации, ориентируясь на формирование стратегического связей транспортных коридоров. В статье рассматривается важность и необходимость организации транспортно-логистической инфраструктуры в условиях вступления ВТО. Наряду с этим, упомянуты особенности и преимущества транспортно-логистических услуг в Казахстане, даны предложения по развитию транспортной инфраструктуры.

Ключевые слова: логистика, транспорт, транспортно-логистическая отрасль, Всемирная торговая организация, инфраструктура.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 339.50

Бейсенбаева А.К., *Бектурсынова А.Е.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: bektursynova.92@mail.ru

ДСҰ ЖАҒДАЙЫНДА ЛОГИСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

